С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары-10: Мемлекеттің индустриалды-инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары//Материалы международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-10: «Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны», посвященной 120-летию со дня рождения С. Сейфуллина. – 2014. – Т.1., ч.1. – Б.279-280

ШЫРҒАНАҚТЫ ӨНІМДЕРІН ҚАЙТА ӨҢДЕУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Абильмажинов Е.Г., Дюсембаев Д.К. , Эрнст А.

Қазіргі таңда әлемде экологиялық мәселенің ушығып, қоршаған ортаның ластана бастауы адамзаттың орташа өмір сүру деңгейінің кемуіне әкеліп соқтыруда. Әсіресе, күнделікті улы қалдықтар шығаратын түрлі зауыттар мен фабрикалар шоғырланған ірі орталықтар мен қалаларда, қоршаған ортаға байланысты экологиялық мәселені шешу тіпті күрделі. Осы тұрғысында «ас адамның арқауы» демекші, күнделікті дәрумендер мен ақуыздарға бай құндылығы жоғары тағамдармен тамақтану, адамның түрлі ауыруларға қарсы иммунитеттік қабілетін жоғарылатып, қоршаған ортаның ластануы әсерінен зиянды қалдықтардың адам ағзасына жинақталуының алдын алмақ. Бірақта, күнделікті адам өміріне қажетті дәрумендерге бай құндылығы жоғары тағамдармен тамақтануына қоғамдағы кез келген адамның мүмкіндігі жете бермейді. Күнделікті қолданыстағы тағамдар: ет, сүт және дәнді дақылдардан дайындалатын өнімдердің барлығында дерлік құрамында адам ағзасына қажетті дәрумендер бола бермейді. Тіпті күнделікті көкөністер мен түрлі жеміс жидектерді пайдаланудың өзі, бұл мәселені толықтай шеше алмайды. Өйткені, күнделікті қоректенетін тағам өнімдерінің барлығында адам ағзасына қажетті дәрумендердің баланыстық жиынтығын қанағаттандыра бермейді. Қазіргі кездегі түрлі дәрумендік таблеткалар жасанды химиялық қоспалардан тұратындықтан кез келген адамның ағзасына өзіндік оң әсерін бере бермейді. Сондықтан қазіргі кезеңде тамақ өнеркәсібі кешені мамандарының алдында тұрған мәселе, дәрумендерге бай биологиялық және тамақтық құндылығы жоғары тамақ өнімдерінің ассортиментін кеңейту мен кешенді қайта өңдеу әдістерін іздеу. Биологиялық белсенді заттармен минералды дәрумендік элементтерден тұратын, аймақтық табиғи өсімдік шикізат қорларын қолдану, тамақ өнімдерін қайта өңдеу өндірістеріне таптырмайтын тиімді шикізат көздері.

Осындай аймақтық жергілікті табиғи өсімдік шикізат көзі ретінде жабайы шырғанақ өсімдігін жатқызуға болады. Шырғанақ өсімдігінің (Hippophae rhamnoides) құрамында А, В1, В2, В3, В6, С, Е, К және т.б. адамзатқа қажетті барлық дәрумендерді бір бойына жинаған өсімдіктер арасындағы бірегейі деуге болады. Ол сонымен қатар триацилглицеринмен тұратын әртүрлі қышқылдар мен бор, темір, цинк, мыс, марганец, калий, кальций макро және микроэлементтеріне бай. Шырғанақ өсімдігі сондықтан

көптеген ауыруларға қарсы қолданатын емдік шөп ретінде халық арасына танымал .

Жабайы шырғанақ өсімдігі Қазақстан жерінде көптеп өседі. Соның ішінде ең көп тараған аймақтар Алматы, Талдықорған, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстары. Әсіресе, таулы, шығыс және оңтүстік-шығыс аймақтарда: Алтай, Жонғар Алатауы, Солтүстік Тянь-Шяньнан бастап, батыста Қаратау қыраттарына дейінгі мыңдаған гектарларға созылып жатыр. Ал біздің Шығыс Қазақстан облысында Зайсан, Сауыр-Тарбағатай және Маңырақ таулары бөктерлеріндегі кішігірім өзендер бойындағы жүздеген гектарларға созылатын орман-тоғайлы жерлерде көптеп кезігеді. Бірақта бір өкініштісі, осы табиғи байлығымыз биохимиялық құрамы жағынан толық зерттелмей, оны технологиялық өңдеу жолдары бүгінгі күнге дейін дұрыс жолға қойылмай келеді. Бұл жағдай - шырғанақ өсімдігінің тамақтық құндылығы мен физиологиялық белсенділігін анықтай отырып, сапалық құрамы жағынан бағалауды қиындатып, оны тамақ өнімдерінің жаңа емдік-профилактикалық түрлері ретінде өндірісте қолдануды қиындатады.

Қорыта келгенде, дәрумендер мен биологиялық құндылығы жоғары жергілікті жерлердегі табиғи өсімдік қорларын, адам дансаулығына қажетті күнделікті қолданатын тағам түрлеріне пайдалану жолдарын қарастыру қажет. Яғни, біздің аймақта жабайы шырғанақ өсімдігін осындай мақсаттарға қолдану жоғарыдағы айтылған кешенді мәселенің орынды шешімін табудың аса тиімді жолдарының бірі. Ол үшін жабайы шырғанақ өсімдігінің құрылымдық-механикалық қасиеті мен биологиялық белсенді құрамының өзгеру заңдылықтарын зерттеу. Зерттеуге сәйкес, технологиялық өңдеу жабдықтарын жетілдіру және соның негізінде жабайы шырғанақ өсімдігін өңдеудің жаңадан технологиялық желісін құрастыру.